

Бала тұғанда берілетін жәрдемақыны, бала күтіміне байланысты жәрдемақыны, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақыны, наградталған анаға берілетін жәрдемақыны тағайындау және төлеуді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 24 мамырдағы № 169 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 25 мамырда № 32571 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 72-бабы 2-тармағының екінші абзацына сәйкес және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес қоса берілген Бала тұғанда берілетін жәрдемақыны, бала күтіміне байланысты жәрдемақыны, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақыны, наградталған анаға берілетін жәрдемақыны тағайындау және төлеуді жүзеге асыру қағидалары бекітілсін;

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік көмек департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Оқу-ағарту министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ғылым және жоғары білім министрлігі

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
корғау министрі
2023 жылғы 24 мамырдағы
№ 169 бұйрығына
1-қосымша

Бала түғанда берілетін мемлекеттік жәрдемақыны, бала күтіміне байланысты жәрдемақыны, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақыны, наградталған анаға берілетін жәрдемақыны тағайындау және төлеуді жүзеге асыру қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Бала түғанда берілетін мемлекеттік жәрдемақыны, бала күтіміне байланысты жәрдемақыны, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақыны, наградталған анаға берілетін жәрдемақыны тағайындау және төлеуді жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 72-бабының 2-тармағының екінші абзацына (бұдан әрі – Кодекс) және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" (бұдан әрі – Зан) Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және бала түғанда берілетін мемлекеттік жәрдемақыны, бала күтіміне байланысты жәрдемақыны, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақыны, наградталған анаға берілетін жәрдемақыны тағайындау және төлеуді жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

Осы Қағидаларға мемлекеттік қызмет көрсету бөлігінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілдеп тіркелгенмен кейін үш жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығын, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясын, "Электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторын және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің аумақтық бөлімшелерін енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы хабардар етеді.

Баласы бар адамдарға (отбасыларға) берілетін мемлекеттік жәрдемақыларға (бұдан әрі – жәрдемақылар) мынадай:

бала тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі – бала туғанда берілетін жәрдемақы);

бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі – бала күтіміне байланысты жәрдемақы);

бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған баласы, оның ішінде он сегіз жасқа толғаннан кейін білім беру үйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша құндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар көпбалалы отбасыларға берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі – көпбалалы отбасыға берілетін жәрдемақы);

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі – наградталған анаға берілетін жәрдемақы) түріндегі ақшалай төлемдер жатады.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетіletтін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты үйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) ақпараттық жүйе – ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың үйымдастырушылықпен ретке келтірілген жиынтығы;

3) екінші деңгейдегі ақпараттандыру объектілері – екінші деңгейдегі банктердің электрондық ақпараттық ресурстары, бағдарламалық қамтылымы, интернет-ресурсы және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы;

4) жәрдемақы алушы – бала туғанда берілетін жәрдемақы, бала күтіміне байланысты жәрдемақы және (немесе) көпбалалы отбасыға берілетін жәрдемақы және (немесе) наградталған анаға берілетін жәрдемақы тағайындалған өтініш беруші;

5) жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті үйым – екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының тиісті түрлеріне қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар үйымдар, "Казпочта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері;

6) жәрдемақыларды тағайындау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган) – уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері;

7) көпбалалы отбасы – бірге тұратын төрт және одан көп қемелетке толмаған балалары бар, оның ішінде он сегіз жасқа толғаннан кейін білім беру үйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар отбасы;

8) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен занды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі немесе олардың жиынтығы;

9) отбасы – некеден (ерлі-зайыптылықтан), туыстықтан, жекжаттықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындастын және отбасы қатынастарын нығайтып, дамытуға септігін тигізуге арналған мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерге байланысты адамдар тобы;

10) өтініш беруші – жәрдемақылар тағайындау үшін жүгінетін адам;

11) проактивті көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушының өтінішінсіз көрсетілетін қызметті берушінің бастамасы бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызмет;

12) уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді, Қордың қызметін реттеу, бақылау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

13) электрондық құжат – ақпарат электрондық цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

14) электрондық өтінім – бала туғанда берілетін жәрдемақыны, бала күтіміне байланысты жәрдемақыны, көпбалалы отбасыға берілетін жәрдемақыны және наградталған анаға берілетін жәрдемақыны тағайындауға қажет Мемлекеттік корпорацияның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы мәліметтер;

15) электрондық өтініш – электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

16) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және

квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

17) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дәйектілігін, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық символдар жиыны;

18) электрондық іс макеті – Мемлекеттік корпорация қалыптастыратын жәрдемақы алушының электрондық іс макеті.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - КР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 17.06.2024 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Жәрдемақыларды тағайындау тәртібі

1-параграф. Бала туғанда берілетін және бала күтімі жөніндегі жәрдемақыларды тағайындау тәртібі

3. Бала күтіміне байланысты жәрдемақы баланың түу туралы қуәлігінде көрсетілген, бала туған күннен бастап ол бір жарым жасқа толған күнді қоса алғанда, ал асырап алған, сондай-ақ қамқоршылыққа алған балалары бар адамдарға (отбасыларға) – сottың баланы (балаларды) асырап алу туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап немесе қамқоршылықты немесе қорғаншылықты белгілеу туралы бұйрық қабылданған күннен бастап ол бір жарым жасқа толғанға дейін тағайындалады.

Бала күтіміне байланысты жәрдемақыны тағайындаған кезде отбасы құрамында тірі туған, асырап алынған, сондай-ақ қамқоршылыққа (қорғаншылыққа) алынған балалар, егер басқа ата-ананың отбасында ескерілмесе, өгей балалар да ескеріледі.

Бұл ретте, отбасы құрамында өздеріне қатысты ата-аналары ата-ана құқықтарынан айырылған немесе ата-ана құқықтары шектелген балалар ескерілмейді.

Егер бір жарым жасқа толмаған бала қайтыс болғаннан кейін күтім жөніндегі жәрдемақыны тағайындауға жүгінген жағдайда күтім жөніндегі жәрдемақы қайтыс болу айын қоса алғанда тағайындалады.

Қандастарға бала күтіміне байланысты жәрдемақы бала туған күннен бастап, бірақ қандас мәртебесі белгіленген күннен кейін тағайындалады.

4. Бала туғанда берілетін және бала күтімі жөніндегі жәрдемақылар отбасының табысына қарамастан тағайындалады.

5. Бала туғанда берілетін және бала күтіміне байланысты жәрдемақыларды тағайындау үшін өтініш беруші Мемлекеттік корпорация, портал немесе екінші деңгейдегі банктердің ақпараттандыру объектілері арқылы жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға осы Қағидаларға З-қосымшаға сәйкес "Бала туғанда берілетін және бала күтіміне байланысты жәрдемақыларды тағайындау" мемлекеттік

қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өтінішпен жүгінеді.

Бала туғанда берілетін және бала күтімі жөніндегі жәрдемақыларды тағайындау үшін өтініш ұсыну Заңға сәйкес жәрдемақыны проактивті көрсетілетін қызмет арқылы тағайындаған кезде талап етілмейді.

Өтініш берушінің электрондық өтінішінде көрсетілген өтініш берушінің жеке басын куәланыратын құжат, баланың (балалардың) түу туралы куәлігі (куәліктері) немесе азаматтық хал актілерін жазу органдары берген түу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтаманың мәліметтері, неке қио (ерлі-зайыптылық), некені бұзы туралы куәлік, балаға қамқоршылық (қорғаншылық) белгіленгенін растайтын құжат немесе түу туралы актілік жазбадан бала асырап алу туралы мәліметтер, тұрғылықты жері бойынша тіркелуі туралы мәліметтер, банк шотының нөмірі туралы мәліметтер осы Қағидаларға 4-қосымшага сәйкес мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салуларға сәйкес "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден (бұдан әрі – ақпараттық жүйелер) алынады.

Шет мемлекеттің құзыретті мекемесі не соған уәкілетті тұлға оның құзыреті шегінде және белгіленген нысан бойынша берілген немесе куәланырылған, шет мемлекеттің елтаңбалы мөрімен бекітілген баланың (балалардың) түу туралы куәлігін (куәліктерін) ұсынған кезде, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, "Апостиль қоюдың бірыңғай қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әдіlet министрі міндетін атқарушысының 2021 жылғы 4 қарашадағы № 950, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2021 жылғы 15 қарашадағы № 702, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 16 қарашадағы № 1182, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппараты) басшысының 2021 жылғы 16 қарашадағы № 30, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 24 қарашадағы № 363, Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры міндетін атқарушысының 2021 жылғы 24 қарашадағы № 155, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 29 қарашадағы № 574 және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2021 жылғы 8 желтоқсандағы № 851 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16116 болып тіркелген), "Құжаттарды заңдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі міндетін атқарушысының 2017 жылғы 6 желтоқсандағы № 11-1-2/576 бұйрығына сәйкес апостиль қою не заңдастыру рәсімдерін өткеннен кейін ғана қабылданады.

Бала туганда берілетін және бала күтіміне байланысты жәрдемақыларды тағайындау үшін баланың (балалардың) туу туралы күелігі не туу туралы азаматтық хал актілер жазбасынан мәліметтерді қамтитын анықтама, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тіркелген неке (ерлі-зайыптылық) қилю туралы мәліметтерді қоспағанда, неке (ерлі-зайыптылық) қилю, бұзу туралы күелік, сондай-ақ балаға қорғаншылық (қамқоршылық) белгіленгенін растайтын құжат немесе туу туралы актілік жазбадан бала асырап алу туралы мәліметтер, банк шотының нөмірі туралы мәліметтер осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салуға сәйкес көрсетілген құжаттарда қамтылған ақпарат расталған кезде талап етілмейді.

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің және көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін, мемлекеттік қызмет көрсету нысанын, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигін, мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын талаптар осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

Баланың (балалардың) тууын тіркеген кезде көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша "Бала туганда берілетін және бала күтіміне байланысты жәрдемақыларды тағайындау" мемлекеттік қызметі "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 17.06.2024 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Көпбалалы отбасыға берілетін жәрдемақыны тағайындау тәртібі

6. Көпбалалы отбасыға жәрдемақы тағайындау үшін Мемлекеттік корпорация немесе портал арқылы жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес "Көпбалалы отбасыға жәрдемақы тағайындау" мемлекеттік қызметтің көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген құжаттар қоса бере отырып, осы Қағидаларға 5 және 6-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша өтінішпен жүргінген күннен бастап тағайындалады. Жүргіну күні өтініш берген күн болып есептеледі.

Көпбалалы отбасыға жәрдемақы тағайындау үшін өтініш ұсыну Заңға сәйкес жәрдемақыны проактивті көрсетілетін қызмет арқылы тағайындаған кезде талап етілмейді.

Көпбалалы отбасыға жәрдемақы тағайындау кезінде отбасы құрамында тірі туған, асырап алынған, сондай-ақ қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) алынған балалар, егер олар басқа ата-анасының отбасында ескерілмеген болса, жиынтық балалар ескеріледі.

Бұл ретте отбасы құрамында өздеріне қатысты ата-аналары ата-ана құқығынан айырылған немесе ата-ана құқығынан шектелген балалар есепке алынбайды.

7. Өтініш берушінің электрондық өтінішінде көрсетілген өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат, баланың (балалардың) туу туралы куәлігі (куәліктері) немесе азаматтық хал актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерінің тіркеу туралы анықтаманың, неке қиу (ерлі-зайыптылық), некені бұзу туралы куәліктің, балаға қамқоршылық (қорғаншылық) белгіленгенін растайтын құжаттың мәліметтері немесе туу туралы актілік жазбадан бала асырап алу туралы мәліметтер, тұрғылықты жері бойынша тіркелуі туралы мәліметтер осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салуға сәйкес "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден (бұдан әрі – ақпараттық жүйелер) алынады.

Шет мемлекеттің құзыретті мекемесі не соған уәкілетті тұлға оның құзыреті шегінде және белгіленген нысан бойынша берілген немесе куәландырылған, шет мемлекеттің елтаңбалы мөрімен бекітілген баланың (балалардың) туу туралы куәлігін (куәліктерін) ұсынған кезде, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, "Апостиль қоюдың бірынғай қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әдіlet министрі міндетін атқарушысының 2021 жылғы 4 қарашадағы № 950, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2021 жылғы 15 қарашадағы № 702, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 16 қарашадағы № 1182, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппараты) басшысының 2021 жылғы 16 қарашадағы № 30, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 24 қарашадағы № 363, Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры міндетін атқарушысының 2021 жылғы 24 қарашадағы № 155, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 29 қарашадағы № 574 және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2021 жылғы 8 желтоқсандағы № 851 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16116 болып тіркелген), "Құжаттарды заңдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер

министрі міндетін атқарушының 2017 жылғы 6 желтоқсандағы № 11-1-2/576 бұйрығына сәйкес апостиль қою не заңдастыру рәсімдерін өткеннен кейін ғана қабылданады.

Бала туғанда берілетін және бала күтіміне байланысты жәрдемақыларды тағайындау үшін баланың (балалардың) туу туралы күелігі не туу туралы азаматтық хал актілер жазбасынан мәліметтерді қамтитын анықтама, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тіркелген неке (ерлі-зайыптылық) қилю (бұзу) туралы мәліметтерді қоспағанда, неке қилю (ерлі-зайыптылық), некені бұзу туралы күелік, сондай-ақ балаға қорғаншылық (қамқоршылық) белгіленгенін растайтын құжат немесе туу туралы актілік жазбадан бала асырап алу туралы мәліметтер, банк шотының нөмірі туралы мәліметтер осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салуға сәйкес көрсетілген құжаттарда қамтылған ақпарат расталған кезде талап етілмейді.

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің және көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін, мемлекеттік қызмет көрсету нысанын, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигін, мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын талаптар осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - КР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 17.06.2024 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Көмелетке толмаған балалар саны, оның ішінде он сегіз жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіби білім бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалар саны өзгеруіне байланысты жәрдемақы мөлшері қайта есептеледі.

Көпбалалы отбасы алатын жәрдемақы мөлшерінің ұлғаюына немесе азаюына әсер ететін отбасы құрамы өзгерген жағдайда, жәрдемақы мөлшері жәрдемақы мөлшері өзгеруіне құқық туындаған күннен бастап, бірақ оны тағайындау жағдайынан күннен бастап өзгереді.

Көп балалы отбасына жәрдемақы мөлшерін өзгерту үшін алушы растайтын құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 7-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорацияға өтініш береді.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 17.06.2024 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Өтініш беруші бірге тұратын балалардың көпбалалы отбасыға жәрдемақы тағайындау туралы өтініште көрсете отырып, балалардың бірлескен тұрғылықты мекен-жайын растайды.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 16-бабына сәйкес он төрт жасқа толмаған балалардың заңды өкілдерінің тұратын жері олардың тұрғылықты жері болып танылады.

Кәмелетке толмаған балалар саны, оның ішінде он сегіз жасқа толғаннан кейін білім беру үйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіби білім бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалар бірге тұру фактісіне қарамастан отбасы құрамында ескеріледі.

Ерлі-зайыптылар арасында неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған жағдайда ата-ананың біреуімен балалардың бірге тұруы сот шешімімен расталады.

10. Көпбалалы отбасыға берілетін жәрдемақыны тағайындауға өтініш жасау кез келген уақытта қандай да бір мерзіммен шектелмей жүзеге асырылады.

Көпбалалы отбасыға берілетін жәрдемақыны төлеу барлық растаушы құжаттар болған кезде өтініш жасалған күннен бастап ағымдағы айға және осы жәрдемақы тағайындалған шарттар сақталған кезеңге жүргізіледі.

11. Көпбалалы отбасыға берілетін жәрдемақы отбасының табыстарына қарамастан тағайындалады.

3-параграф. Наградталған анаға берілетін жәрдемақыны тағайындау тәртібі

12. Наградталған анаға берілетін жәрдемақы тағайындауға жүгінген күннен бастап тағайындалады. Өтініш берілген күн жүгінген күн болып есептеледі.

Наградталған анаға берілетін жәрдемақыны тағайындау үшін өтініш ұсыну Заңға сәйкес проактивті көрсетілетін қызмет арқылы жәрдемақы тағайындау кезінде талап етілмейді.

13. Наградталған аналарға арналған жәрдемақыны тағайындау үшін Мемлекеттік корпорацияға немесе портал арқылы осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылатын өтінішке осы Қағидаларға 8 және 9-қосымшаларына сәйкес "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған аналарға

"мемлекеттік жәрдемақы тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген құжаттар қоса беріледі.

Жеке басын куәландыратын, "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталғаны немесе алғаны немесе бұрын "Батыр ана" атағын алғаны, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталғаны туралы құжаттар, тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін куәландыратын мәліметтер, банк шотының нөмірі туралы мәліметтер осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салуға сәйкес ақпараттық жүйелерден алынады.

Наградталған аналардың "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталғаны немесе алғаны немесе бұрын "Батыр ана" атағын алғаны, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталғаны туралы құжаттарды, банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді ұсыну, оларда қамтылған ақпарат осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салуға сәйкес расталған кезде талап етілмейді.

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын талаптар осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған аналарға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

4-параграф. Жәрдемақы тағайындау үшін өтініштерді қарau тәртібі

14. Өтініш беруші жәрдемақы тағайындау үшін тиісті құжаттар ұсынғаннан кейін оның қатысуымен Мемлекеттік корпорацияның қалалық, аудандық бөлімшесінің маманы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация бөлімшесі), егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде дербес деректерді жинауға және өндeуге, ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады және:

мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес сұрау салуды;

уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйесіне өтініш берушіде балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы тағайындау, төлеу немесе өтініш беру фактісінің болуына, соңғы жиырма төрт айда міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатыспауына (бала қутіміне байланысты жәрдемақыны тағайындау үшін) сұрау салуды қалыптастырады.

Мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар сұратылып отырған мәліметтерді растайтын электрондық құжаттарды ұсынған кезде сұрау салуды жүзеге асырған Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі өтініш берушіге осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді.

Өтініш беруші түпнұсқада ұсынған құжаттар және өтініш сканерленеді және құжаттардың электрондық көшірмесі Мемлекеттік корпорация бөлімшесі маманының ЭЦҚ-сы арқылы куәландарылады, содан кейін өтініш берушіге қайтарылады.

Мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар сұратылып отырған мәліметтерді растайтын электрондық құжаттарды ұсынбаған жағдайда өтініш берушіге осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.

Уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінен жәрдемақыларды тағайындау, төлеу немесе тағайындауға өтініш беру фактісін растайтын ақпарат алған кезде өтініш берушіге осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.

15. Тиісті жәрдемақыларды тағайындау үшін өтінішті және құжаттарды үшінші адамдардың ұсынуы жәрдемақы алуға құқығы бар адамның нотариус немесе наториаттық іс-әрекет жасайтын лауазымды адам куәландаған нотариат куәландаған сенімхаты бойынша жүзеге асырылады.

Нотариат куәландаған сенімхат сканерленеді және Мемлекеттік корпорация бөлімшесі маманының ЭЦҚ-сы арқылы куәландарылады, содан кейін өтініш берушіге қайтарылады.

16. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі тиісті жәрдемақыны тағайындау үшін өтініш берушіден қабылданатын құжаттар топтамасының, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен алғынған мәліметтердің толықтығын тексереді, сканерлеу сапасын және өтініш беруші ұсынған құжаттардың электрондық көшірмелерінің түпнұсқаларға сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі өткенге дейін бір тәуліктен кешіктірмей Мемлекеттік корпорацияға ұсынады.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 17.06.2024 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Өтініш беруші құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жәрдемақы тағайындауға өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.

18. Бала тұғанда берілетін жәрдемақы және (немесе) бала күтіміне байланысты, көпбалалы отбасыға және наградталған аналарға берілетін жәрдемақыларды тағайындау үшін өтініш беруші портал арқылы жүгінген кезде ұсынылған мәліметтерді растау және осы Қағидаларға 2, 6 және 9-қосымшаларға сәйкес өтініш нысанында көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салуды өтініш берушінің өзі жүзеге асырады.

Растайтын мәліметтерді алған кезде портал арқылы сұрау салуды жүзеге асырған өтініш беруші бала тұғанда берілетін және (немесе) бала күтіміне байланысты, көпбалалы отбасыға немесе наградталған аналарға берілетін жәрдемақыны тағайындау туралы электрондық өтінішті өзінің ЭЦҚ-сы арқылы куәландырады және оны уәкілетті мемлекеттік органның автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне жібереді.

Өтініш беруші талап етілген құжаттарды тапсырған кезде өтініш берушінің "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұранысты қабылдау мәртебесі көрінеді.

19. Портал арқылы келіп тұсken, жәрдемақылар тағайындау үшін ұсынылған электрондық өтініш мынадай параметрлер бойынша тексеруден өтеді:

- 1) ұсынылған мәліметтердің толықтығы;
- 2) тиісті жәрдемақыларды тағайындау, төлеу, сондай-ақ өтініш беру фактісінің болмауы;
- 3) бала тұғанда берілетін жәрдемақы және (немесе) бала күтімі жөніндегі жәрдемақы тағайындалатын баланың бір жарым жастан аспайтын жасы;
- 4) соңғы жиырма төрт айда міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатыспауы (бала күтімі жөніндегі жәрдемақыны тағайындау үшін).

Жоғарыда келтірілген параметрлер бойынша тексерудің он нәтижесі болған жағдайда өтінішті өңдеуге арналған кіріс хабарламалар журналына тіркеу жүргізіледі.

20. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі өтініш беруші құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде тиісті жәрдемақыны тағайындау туралы өтінішті осы Қағидаларға 14-қосымшага сәйкес нысан бойынша өтініштерді тіркеудің электрондық журналында тіркейді.

Портал немесе екінші деңгейдегі банктердің ақпараттандыру объектілері арқылы келіп тұсken электрондық өтінімдер осы Қағидаларға 15-қосымшага сәйкес нысан бойынша төлемдерді тағайындау үшін "электрондық үкімет" веб-порталы немесе екінші деңгейдегі банктердің ақпараттандыру объектілері арқылы келіп тұсken азаматтардың өтініштерін тіркеудің электрондық журналында тіркеледі.

Қажетті құжаттары, оның ішінде электрондық құжаттары бар өтінішті уәкілетті орган оны Мемлекеттік корпорацияда тіркеген күннен бастап, ал ақпараттық жүйелер өтініш беруші туралы бұрын болмаған мәліметтердің болуын белгіленген тәртіппен растаған жағдайда – мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық

жүйелері өтініш беруші туралы мәліметтерді растиған құннен бастап жеті жұмыс күні ішінде қарайды.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - КР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 17.06.2024 № 196 (алғашқы ресми жарияланған қуннен кейін құнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

21. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі портал арқылы жолданған электрондық өтінішті қабылдаған кезде портал арқылы өтініш берушінің жеке кабинетіне осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес электрондық өтініштің қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі. Хабарлама Мемлекеттік корпорация бөлімшесі маманының ЭЦҚ-сы арқылы куәландырылады.

22. Өтініш Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесінде тіркелген құннен бастап екі жұмыс күні ішінде электрондық іс макеті және осы Қағидаларға 17, 18 және 19-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша тиісті электрондық шешім жобасы қалыптастырылады, тиісті жәрдемақыларды тағайындау үшін жәрдемақылардың мөлшері есептеледі және Мемлекеттік корпорация бөлімшесі маманының ЭЦҚ-сы арқылы куәландырылады.

Электрондық шешім жобасы жәрдемақы тағайындау (өзгерту, тағайындаудан бастарту) туралы электрондық цифрлық нысандағы құжатты (бұдан әрі – шешім жобасы) білдіреді.

Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің басшысы Мемлекеттік корпорация бөлімшесі маманының ЭЦҚ-сы арқылы куәландырылған жәрдемақылар мөлшерін есептеудің, шешім жобасын ресімдеудің дұрыстығын тексереді, содан кейін Мемлекеттік корпорация бөлімшесі электрондық іс макетін Мемлекеттік корпорацияның облыстық, республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы филиалына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация филиалы) жібереді.

23. Мемлекеттік корпорацияның филиалы электрондық іс макеті мен шешім жобасы келіп түсken құннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қарайды, есептеудің және шешім жобасын ресімдеудің дұрыстығын тексереді, содан кейін жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға жібереді. Бұл ретте, шешім жобасы Мемлекеттік корпорация филиалы басшысының ЭЦҚ-сы арқылы куәландырылады.

24. Мемлекеттік корпорациядан құжаттарды алғаннан кейін жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган бөлімінің (басқармасының) жәрдемақы тағайындау функцияларын орындайтын маманы бір жұмыс күні ішінде:

Мемлекеттік корпорациядан келіп түсken электрондық шешім жобасы бар электрондық іс макетін қарайды (есептеудің дұрыстығын, сканерленген құжаттардың сапасын тексереді);

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне электрондық шешім жобасы бар электрондық іс макетін:

Мемлекеттік корпорация жіберген қателіктер анықталған жағдайда бес жұмыс күні мерзімде жете ресімдеу үшін;

ұсынылған құжат(тар)тың дәйектілігін тексеру немесе қосымша құжат(тар) талап ету қажет болған жағдайда күнтізбелік отыз күн мерзімде жете ресімдеу үшін қайтарады, бұл ретте, егер құжаттар жете ресімделсе, мемлекеттік қызмет Мемлекеттік корпорацияға қосымша құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде көрсетіледі.

Осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша себебін көрсете отырып, тағайындауға құжатты (құжаттарды) жете ресімдеу қажеттілігі туралы хабарлама жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның ЭЦҚ-сымен куәландарылып, Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жіберіледі.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі құжатты (құжаттарды) жете ресімдеу қажеттігі туралы өтініш берушіні sms-хабарлама келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, оның ішінде күнтізбелік жиырма бес күн ішінде хабарламада көрсетілген қосымша құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы хабарлама алған күннен немесе ұялы телефонға хабарлама жіберген күннен бастап хабардар етеді. Sms-хабарламалар осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес жүргізілетін sms-хабарлама электрондық журналында тіркеледі.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі өтініш беруші қосымша құжаттарды ұсынған кезде осы Қағидалардың 22 және 23-тармактарында көзделген тәртіппен электрондық іс макетін дайындайды.

Егер Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне электрондық шешім жобасы бар электрондық іс макеті келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде құжаттар жете ресімделмесе, жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган қолда бар құжаттар бойынша жәрдемақы тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы электрондық шешім шығарады.

Портал арқылы қабылданған өтініштер бойынша электронды іс макетінде болмаған жағдайда жәрдемақыны тағайындау (төлемді өзгерту, жаңарту, тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қабылдау үшін құжаттар жеткіліксіз болған жағдайда уәкілетті орган тағайындаудан бас тарту туралы шешімді бекітеді.

Электрондық іс макеті толық сәйкес келген жағдайда Қағидаларға сәйкес ЭЦҚ арқылы жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім жобасын куәландарады және жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган басқармасының (бөлімінің) басшысына автоматты түрде жібереді.

Басқарма (бөлім) басшысы және жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның жәрдемақы тағайындау функцияларын орындастын басшысы бір жұмыс күні ішінде электрондық шешім жобасы бар электрондық іс макетін қарайды (есептеудің дұрыстығын, сканерленген құжаттардың сапасын тексереді).

Мемлекеттік корпорация жіберген қателіктер анықталған жағдайда басқарма (бөлім) басшысы және жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның басшысы электрондық шешім жобасы бар электрондық іс макетін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне осы тармақтың төртінші және бесінші абзацында көрсетілген мерзімдерде жете рәсімдеу үшін қайтарады.

Электрондық іс макеті толық сәйкес келген жағдайда Қағидаларға сәйкес жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган басқармасының (бөлімінің) басшысы ЭЦҚ арқылы жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім жобасын куәландырады және жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның басшысына автоматты түрде жібереді.

Жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның басшысы жәрдемақыны тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдан, ЭЦҚ-сы арқылы куәландырады және қабылданған шешімді Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне автоматты түрде жібереді.

Жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама ЭЦҚ арқылы куәландырылған жағдайда автоматты түрде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жіберіледі.

Порталда жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама, сондай-ақ жәрдемақы тағайындау туралы ақпарат жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган басшысының ЭЦҚ-сы арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі болып табылады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қоргау министрінің 17.06.2024 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган шешім жобасымен келіп түсken электрондық іс макетін келіп түсken күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде қарайды және осы Қағидаларға 17, 18 және 19-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

Шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде автоматты режимде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне немесе портал арқылы өтініш берушінің жеке кабинетіне осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті жәрдемақыларды тағайындау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарлама жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган басшысының ЭЦҚ-сы арқылы куәландырылады.

26. Жәрдемақы тағайындаудан (өзгертуден, төлемді қайта бастаудан) бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетіletтін қызметті беруші Мемлекеттік корпорацияның бөлімшелері арқылы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес ертерек, бірақ шешім

қабылданғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ алдын ала шешімге өз ұстанымын білдіру мүмкіндігін беру үшін тыңдау өткізу туралы хабардар етеді.

ҚР ӘРПК 73-бабының 3-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті алушы әкімшілік іс бойынша алдын ала шешімге өз ұстанымын алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде оны беруге немесе білдіруге құқылы.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

27. Тиісті жәрдемақыны тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган Заңның 19-1 бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген бас тарту негізdemelerін шешімде көрсетеді.

Бұл ретте осы Қағидаларға 17, 18 және 19-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жәрдемақы тағайындаудан бас тарту себептері көрсетілген жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның тиісті шешімі бар электрондық іс макеті Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне қайтарылады.

Жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның жәрдемақы тағайындаудан бас тарту себептері көрсетілген электрондық хабарламасы осы Қағидаларға 23-қосымшага сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне немесе портал арқылы өтініш берушінің жеке кабинетіне жіберіледі. Хабарлама жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган басшысының ЭЦҚ-сы арқылы куәландырылады.

28. Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің маманы осы Қағидалардың 22, 23-тармақтарында көзделген тәртіппен өтініш берушінің дәйексіз құжаттарды ұсынғаны туралы мемлекеттік органның және (немесе) ұйымдардың ақпаратына сәйкес дәлелді бас тартуды көрсете отырып, осы Қағидаларға 17, 18 және 19-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша тиісті жәрдемақыларды тағайындаудан бас тарту туралы шешім жобасын қалыптастырады.

29. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақыны тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны өтініш беруші өзі жүгінген кезде тапсыру немесе өтініш берушінің ұялы телефонына sms-хабарлама жіберу арқылы жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган қабылдаған шешім туралы хабардар етеді. Хабарлама осы Қағидаларға 24-қосымшага сәйкес нысан бойынша хабарламалар журналында тіркеледі. Sms-хабарлама осы Қағидаларға 21-қосымшага сәйкес нысан бойынша sms-хабарламаның электрондық журналында тіркеледі.

Жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсетуді мониторингтеу ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету кезеңі туралы деректер енгізууді қамтамасыз етеді.

5-параграф. Жәрдемақылар тағайындау жөніндегі проактивті қызмет арқылы көрсету тәртібі

30. Кодексте көзделген негіздер бойынша жәрдемақыларды тағайындау құқығы туындаған кезде көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының телефон нөмірін "электрондық үкімет" веб-порталында тіркеу кезінде жәрдемақыларды тағайындау және тілді таңдау мүмкіндігі туралы хабардың Е-макеті автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы бастамашылық жасалады.

31. Көрсетілетін қызметті алушының проактивті қызмет көрсетуге келісімін, сондай-ақ осы Қағидаларға 2, 5 және 8-қосымшаларда көзделген мәліметтерді алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушыға ұялы байланысының абоненттік құрылғысы арқылы банктік шот нөмірін растау немесе ұсыну туралы хабарлама жіберіледі.

Проактивті көрсетілетін қызмет арқылы жәрдемақылар тағайындауға өтініш жасалған күн жәрдемақы тағайындауға.

32. Проактивті қызмет арқылы жәрдемақыларды тағайындау кезінде осы Қағидалардың 2, 5 және 8-қосымшаларында көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салу Е-макет автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы жүзеге асырылады.

33. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі электрондық мәліметтерден тұратын көпбалалы отбасыға жәрдемақы тағайындау үшін электрондық өтінімді тіркейді, электрондық шешім жобасымен электрондық іс макетінде қалыптастырады және оны ЭЦҚ-мен куәландырады.

Мемлекеттік корпорация филиалы және жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган қызметкерлерінің іс-әрекеттері осы Қағидалардың 14-29-тармақтарында көзделген.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 17.06.2024 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Тағайындау туралы шешім қабылдау үшін қажетті электрондық іс макетінде мәліметтер болмаған немесе дұрыс болмаған жағдайда, жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган жәрдемақы тағайындаудан бас тарту туралы шешім шығарады.

35. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі көрсетілетін қызметті алушының ұялы телефонына sms-хабарландыру арқылы жәрдемақы тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы қабылданған шешім туралы өтініш берушіні хабардар етеді.

Жәрдемақы тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы sms-хабарламалар осы Қағидаларға 21-қосымшага сәйкес нысан бойынша sms-хабарламалар журналында тіркеледі.

Порталда жәрдемақы тағайындау туралы ақпарат уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында өтініш берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі.

6-параграф. Екінші деңгейдегі банктердің ақпараттандыру объектілері арқылы көрсету тәртібі

Ескерту. 2-тарау 6-параграфпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 17.06.2024 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35-1. Кодексте көзделген негіздер бойынша бала туғанда берілетін, бала күтіміне байланысты және көпбалалы отбасыға берілетін жәрдемақыларды тағайындау құқығы туындаған кезде өтініш беруші екінші деңгейдегі банктердің ақпараттандыру объектілері арқылы жәрдемақыларды тағайындауға автоматтандырылған режимде қалыптастыруға бастамашылық жасайды, онда ол осы Қағидаларға 2 және 6-қосымшаларға сәйкес өтініш бланкісінде көзделген міндеттемелер мен шарттар туралы хабардар етіледі.

Екінші деңгейдегі банктердің ақпараттандыру объектілері арқылы жәрдемақы тағайындау барысында осы Қағидаларға 4-қосымшага сәйкес нысанында көзделген мәліметтерді, екінші деңгейдегі банктердің ақпараттандыру объектісі тиісті мемлекеттік органдардың және (немесе) үйымдардың АЖ-дан "электрондық үкімет" шлюзіне сұрау салу арқылы алады.

35-2. Осы Қағидалардың 35-1-тармағының екінші бөлігінде көзделген тәртіппен мәліметтерді алғаннан кейін екінші деңгейлі банктердің ақпараттандыру объектісі жәрдемақы тағайындау, жүзеге асыру, оны тағайындауға проактивті қызмет арқылы өтініш немесе келісім беру фактілерінің жоқтығы туралы мәліметтерді алуға "Е-макет" ААЖ-ға сұрау салуды жүзеге асырады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген фактілер болмаған кезде өтініш беруші танысатын және оған өз ЭЦҚ-мен қол қоятын мемлекеттік органдардың және (немесе) үйымдардың АЖ-дан алынған мәліметтер негізінде электрондық өтініш қалыптастырылады.

Жәрдемақы тағайындауға өтініш жасалған күн өтініш берушінің өзінің ЭЦҚ-мен екінші деңгейдегі банктердің ақпараттандыру объектілері арқылы жәрдемақы тағайындауға өтініш жасалған күн болып табылады.

35-3. Екінші деңгейлі банктердің ақпараттандыру объектісі "Е-макет" ААЖ-ға электрондық өтініш жіберуге бастамашылық жасайды, онда ол осы Қағидаларға 15-қосымшага сәйкес нысан бойынша төлемдерді тағайындау үшін "электрондық үкімет" веб-порталы және (немесе) екінші деңгейдегі банктердің ақпараттандыру объектісі

арқылы келіп түсken азаматтардың өтініштерін тіркеудің электрондық журналында тіркеледі, одан кейін өтініш берушіге өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі.

"Е-макет" ААЖ-да ЭІМ және шешім жобасы автоматты түрде қалыптастырылады және ол жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға түседі.

Жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган қызметкерлерінің іс-эрекеттері осы Қағидалардың 24-28-тармақтарында көзделген.

3-тарау. Жәрдемақыларды төлеу тәртібі

36. Жәрдемақылар төлемін қамтамасыз етуді өтініш берушінің таңдауы бойынша жәрдемақылар беру жөніндегі уәкілетті ұйымдар арқылы бюджет қаражаты есебінен Мемлекеттік корпорация жүзеге асырады.

37. Жәрдемақылар Мемлекеттік корпорация облыстар, республикалық маңызы бар қала, астана бөлінісінде жасаған жәрдемақы төлеу жөніндегі графикке сәйкес жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган қабылдаған шешім негізінде төленеді.

38. Бала күтіміне байланысты, көпбалалы отбасыға берілетін және наградталған анаға берілетін жәрдемақы ай сайын ағымдағы ай үшін төленеді.

Жәрдемақыларды тағайындауға, қайта бастауға, өзгертуге және мөлшерін қайта карауға және тұрғылықты жерін өзгертуге байланысты төлем айының ағымдағы қажеттілігіне енгізілмен жәрдемақылар сомалары ағымдағы қажеттілікті қалыптастырғаннан кейін, келесі айдың қажеттілігіне енгізілуге тиіс және бір рет төленеді.

39. Айлық есептік көрсеткіш мөлшері өзгерген жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі осы Қағидаларға 17, 18 және 19-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша тиісті шешім жобасын дайындайды және оны жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға бекітуге жібереді.

40. Шешімнің қолданылу мерзімін ұзарту, қамқоршының, алушының ауысуы үшін негіз болатын немесе жәрдемақы мөлшеріне әсер ететін жағдайлар орын алған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі осы Қағидаларға 17, 18 және 19-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша шешім мерзімін ұзарту және (немесе) жәрдемақы мөлшерін өзгерту қамқоршыны, алушыны ауыстыру туралы шешім жобасын дайындайды және оны қайта ұсынылған құжаттармен (бар болса) толықтырылған электрондық іс макетімен осы Қағидалардың 22 және 23-тармақтарында көзделген тәртіппен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға бекітуге жолдайды.

Бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жәрдемақы алушы қайтыс болған (сот хабарсыз кеткен немесе қайтыс болды деп жариялаған), ата-ана құқығынан айырылған немесе одан шектелген, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан жағдайларда, Кодекстің 82-бабының 2-тармағына сәйкес міндетті

әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушылары болып табылатын адамдарды қоспағанда, бала бір жарым жасқа толғанға дейін оған құтім жасайтын адамға жәрдемақы төлеу жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган бекіткен шешім негізінде жүргізіледі.

41. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі тиісті жәрдемақылар төлемін осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның төлемді тоқтата тұру туралы шешімінің негізінде:

1) жәрдемақылар беру жөніндегі уәкілетті үйым ұсынатын алушының банк шоты бойынша үш және одан көп ай бойы шығыс операцияларының болмауы туралы;

2) алушылар қатарынан іздеуде жүрген адамдардың хабарсыз кету, іздеуде жүру фактісінің, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

3) жәрдемақыларды алушылардың және асырауындағылардың Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кету фактісінің, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

4) шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның, қандастың жеке басын куәланыратын құжаттың қолданылу мерзімінің өтуі, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

5) жәрдемақы алушының сот тағайындаған бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны өтеуі туралы;

6) арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдендірілген көлемінен басқа қызметтер көрсетілетін адамды қоспағанда, бала құтіміне байланысты жәрдемақыны алушының арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында стационар жағдайында тұратыны және мемлекеттің толық қамсыздандыруында болуы туралы;

7) жәрдемақы алушылардың және асырауындағылардың қайтыс болу фактісінің, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

8) күндізгі оқу орнында тиісті курста оқу фактісінің болмауы туралы, білім алушының академиялық демалысқа шығуы туралы;

9) көпбалалы отбасыға жәрдемақы төлеу үшін баланың он сегіз жасқа толуы туралы өтініш берушіден және (немесе) ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап төлемдерді тоқтата тұрады.

42. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлемді тоқтату туралы шешімі негізінде:

1) бала құтіміне байланысты және көпбалалы отбасыға берілетін жәрдемақыны тағайындау үшін баланың қайтыс болған және (немесе) баланы мемлекеттің толық қамсыздандыруына берген жағдайларда;

2) тағайындау үшін негізdemeler жойылған немесе наградталған анаға берілетін жәрдемақы алушы қайтыс болған жағдайларда;

3) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларынан айырылған жағдайларда;

4) Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату фактісі анықталған, оның ішінде ақпараттық жүйелерден алған жағдайларда;

5) өтініш берушінің жәрдемақыны заңсыз тағайындауға алып келген анық емес мәліметтер ұсынылған жағдайда;

6) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіби білім бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын баланы білім алу ұйымдарынан ол кәмелеттік жасқа толғаннан кейін оқудан шығару жағдайларында;

7) Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында белгіленген жағдайларда ата-аналарды ата-ана құқықтарынан айыру немесе ата-ана құқықтарын шектеу, бала асырап алушы жарамсыз деп тану немесе оның күшін жою, қорғаншыларды (қамқоршыларды) өз міндеттерін атқарудан босату немесе шеттету жағдайларында мән-жайлар туындаған күннен бастап жәрдемақы төлеуді тоқтатады.

Бала күтімі жөніндегі, көпбалалы отбасыға берілетін жәрдемақыларды тоқтатқаннан кейін оны алуға құқық туындаған кезде өтініш беруші Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне жәрдемақыға құқықты растайтын құжаттарды қоса отырып осы Қағидаларға 1, 4, 6-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша қайтадан өтініш тапсырады. Өтініш беру күні жүгіну күні болып есептеледі.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 17.06.2024 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

43. Қазақстан Республикасының басқа өнірлеріне тұруға кеткен жәрдемақы алушының электрондық іс макеті осы Қағидаларға 27-қосымшага сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорацияның басқа бөлімшелерінің электрондық сұрау салуы бойынша жолданады.

Алушының бұрынғы тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорация бөлімшесі сұрау салу келіп түсken күннен бастап екі жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 28-қосымшага сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық анықтама-аттестатты қалыптастырады және алушының жаңа тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне жібереді.

44. Тоқтатыла тұрган төлемдерді қайта бастау кезінде өтініш беруші қайта ұсынған, төлемді қайта бастау үшін қажетті құжаттармен толықтырылған электрондық шешім жобасы бар электрондық іс макетін Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің дайындауы және оны жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның бекітуі тоқтатыла

тұрған күннен бастап не қайта бастауға негіз туындаған сәттен бастап, бірақ бала бір жарым жасқа толған күннен кешіктірмей Кодекстің 82-бабының 2-тармағында көрсетілген негіз бойынша, осы Қағидаларға 17, 18 және 19-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша оны алуға жүгінудің алдындағы үш жылдан аспайтын уақытқа жүргізіледі.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 17.06.2024 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

45. Жәрдемақы алушылар он жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорация арқылы жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органды жәрдемақы көлемін өзгертуге немесе оны төлеуді тоқтатуға негіз болып табылатын мән-жайлар туралы хабардар етеді.

46. Мемлекеттік корпорация жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган қабылдаған шешімдердің негізінде бес жұмыс күні ішінде жәрдемақылардың тағайындалған сомаларын бюджет қаражатының қажеттілігіне қосуды қамтамасыз етеді, ол төлеу айының алдындағы айдың 27-күніне ай сайын уәкілетті мемлекеттік органға ұсынылады.

47. Уәкілетті мемлекеттік орган төлеуге арналған бюджет қаражатына қажеттілікке сәйкес есепті кезеңге төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарында көзделген сомалар шегінде бюджет қаражатын Мемлекеттік корпорацияға аударуды жүзеге асырады.

48. Мемлекеттік корпорация бюджет қаражатын алғаннан кейін төлем графигіне сәйкес тиісті жәрдемақыларды төлеуге арналған төлем тапсырмаларын қалыптастырады.

49. Жәрдемақылар төлеуді Мемлекеттік корпорация жәрдемақыларды беру жөніндегі уәкілетті үйымдағы банк шоттарына аудару арқылы жүргізеді.

"Казпошта" акционерлік қоғамының бөлімшелері арқылы жәрдемақыларды үйге жеткізіп беру мынадай санаттағы адамдарға жүргізіледі:

Ұлы Отан соғысына қатысушыларға және осы кезеңде жаралануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан немесе ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектігі бар азаматтарға; сексен жасқа толған жәрдемақы алушыларға; бірінші топтағы мүгедектігі бар азаматтарға;

бөгде адамның күтіміне мұқтаж екені және денсаулық жағдайы бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйымдарға бара алмайтыны туралы медициналық қорытындысы бар адамдарға;

пошта байланысының автоматтандырылған бөлімшелері (пункттері) болмаған жағдайда ауылдық жерде тұратын адамдарға жүргізіледі.

Алушының банк шотының нөмірі, алушының (қамқоршының, қорғаншының) тұрғылықты жері өзгерген жағдайда алушылар (қамқоршылар, қорғаншылар)

Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне тиісті өзгерістерді раставтын құжаттармен осы өзгерістер туралы өтініш береді.

50. Бөлінген қаражат бойынша уәкілетті мемлекеттік орган мен Мемлекеттік корпорация арасында ай сайын салыстырып тексеру актісі жасалады.

51. Төленген сомалар бойынша Мемлекеттік корпорация мен жәрдемақыларды беру жөніндегі уәкілетті үйымдардың арасында ай сайын салыстырып тексеру актілері жасалады.

52. Жәрдемақыларды беру жөніндегі қызметтерге ақы төлеу Мемлекеттік корпорация мен жәрдемақылар беру жөніндегі уәкілетті үйым арасында заңнамада белгіленген тәртіппен жасалған шарт негізінде жүргізіледі.

53. Жәрдемақы тағайындалған электрондық іс макеттері уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде сақталады.

4-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

54. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілген қызметті беруші, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік басқаруды және бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті орган басшысының атына, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетіletтін қызметті берушінің мекенжайына түскен көрсетіletтін қызметті алушының шағымы оны тіркелгеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына түскен көрсетіletтін қызметті алушының шағымы оны тіркелген күннен 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсеткен кезде Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетіletтін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге әкімшілік әрекет қолданса, олар шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

Егер занда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Бала туғанда берілетін
мемлекеттік жәрдемақыны, бала
күтіміне байланысты
жәрдемақыны, көпбалалы
отбасыларға берілетін
жәрдемақыны, наградталған
анаға берілетін жәрдемақыны
тағайындау және төлеуді жүзеге
асыру қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Бала тууга байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақыны және (немесе) бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны тағайындауға арналған өтініш

Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің
облысы (қаласы) бойынша департамент

Бөлімше коды: _____

Өтініш беруші туралы мәлімет (белгі қою): ата-ана ____ қорғаншы
(камқоршы) ____

Жеке сәйкестендіру нөмірі: _____

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):

Тұған күні: _____ жылғы "____" _____

Жеке басты куәландыратын құжаттың түрі:

Кұжаттың сериясы: _____ құжаттың нөмірі: _____ кім берген: _____

Берілген күні: _____ жылғы "____" _____

Тұрғылықты жерінің мекенжайы: _____ облысы
_____ қаласы (ауданы) _____ ауылы

_____ көшесі (шағын аудан) _____ - үй _____ - пәтер

Бала тууга байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақыны және (немесе)
бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайынғы

мемлекеттік жәрдемақы тағайындалатын бала туралы мәліметтер

Баланың жеке сәйкестендіру нөмірі: _____

Баланың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): _____

Баланың туған күні: _____ жылғы "___" _____

Баланың түу кезектілігі: _____

Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

P/c №	Жеке сәйкестендіру нөмірі	О т б а с ы мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Өтініш берушіге тустық қатынасы	Туған күні және жылы
1				
2				

Банктің реквизиттері:

Банктің атауы _____

Банк шотының № _____

Шоттың түпі: ағымдағы _____

Маған бала тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақыны және (немесе) бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның қутіміне байланысты ай сайынғы жәрдемақыны республикалық бюджет қаражаты есебінен (қажеттінің астын сызу) тағайындауды сұраймын.

Бала тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақыны және (немесе) бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның қутіміне байланысты ай сайынғы жәрдемақыны тағайындауға қажетті мениң дербес деректерімді жинауға және өндөуге келісім беремін.

Жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау жөнінде ұялы телефонға sms-хабар жіберу арқылы хабардар етуге келісім беремін.

Төленетін жәрдемақы мөлшерінің өзгеруіне әкелетін барлық өзгерістер, сондай-ақ тұрғылықты жерімнің (оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), анкеталық деректердің, банктік деректемелердің өзгеруі туралы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне он жұмыс күні ішінде хабарлауға міндеттенемін.

Мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды және (немесе) әлеуметтік төлемдерді аударуға арналған жеке банк шотын немесе электрондық ақшаның электрондық әмиянын ашу мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай шоттағы ақшаны, оның ішінде электрондық ақшаның электрондық әмияндарындағы электрондық ақшаны үшінші тұлғалардың өндіріп алуға жүргінуіне жол берілмейтіні туралы хабардар етілдім.

Осымен Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығын растаймын.

Өтінішке қоса берілген құжаттар тізбесі:

P/c			
-----	--	--	--

№	Құжаттың атаяу	Құжаттағы парактардың саны	Ескерте
1			
2			

Отініш берушінің байланыс деректері:

телефоны _____ үялы _____

электрондық пошта мекенжайы _____

20 ____ жылғы "____" ____.

Отініш берушінің қолы _____

Отініш 20 ____ жылғы "____" ____ қабылданды, № _____

Құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),
лауазымы және қолы: _____

Бала туғанда берілетін
мемлекеттік жәрдемақыны,
бала күтіміне байланысты
жәрдемақыны, көпбалалы
отбасыларға берілетін
жәрдемақыны, наградталған
анаға берілетін жәрдемақыны
тағайындау және төлеуді
жузеге асыру қафидаларына
2-қосымша

"Электрондық үкімет" веб-порталы және (немесе) екінші деңгейдегі банктердің
ақпараттандыру обьектілері арқылы бала тууга байланысты біржолғы мемлекеттік
жәрдемақыны және (немесе) бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне
байланысты ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны тағайындауға арналған өтініш

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
министрінің 17.06.2024 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік
он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің _____
облысы (қаласы) бойынша департаменті

Бөлімше коды: _____

Отініш беруші туралы мәлімет (белгі қою): ата-ана ____ қорғанышы
(қамқоршы) ____

Отініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):

Тұған күні: _____ жылғы "____" ____

ЖСН: _____

Маган бала тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақыны және (немесе)
бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайынғы

жәрдемақыны республикалық бюджет қаражаты есебінен (қажеттінің астын сыйзу) тағайындауды сұраймын.

Бала тууга байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақыны және (немесе) бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы тағайындалатын бала туралы мәліметтер:

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және туған күні

Баланың ЖСН:

Баланың туу кезектілігі:

Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

P/c №	ЖСН	О т б а с ы мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Туған күні және жылы
1				
2				
3				

Мемлекеттік органдардың растауы:

"Жеке тұлғалардың мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесінен алғынған деректер

Өтініш беруші туралы мәліметтер:

Жеке басты куәландыратын құжаттың түрі:

Құжаттың сериясы: _____ құжаттың нөмірі: _____ кім берген: _____

Берілген күні: _____ жылғы "____" _____

Тұрақты тұрғылықты жерінің мекенжайы:

облысы _____ қаласы (ауданы) _____ ауылы _____ көшесі (шағынаудан) _____
йыл _____ пәтер

Отбасы мүшелерінің деректері

P/c №	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Облыс	Қала (аудан)	Ауыл	Көше шағын аудан)	Йыл	Пәтер
1							
2							
3							

Ақпараттық жүйелерден алғынған деректер

Отбасының құрамына кіретін балалар туралы мәліметтер:

		Баланың тууын		Баланың қайтыс		Анасының тегі,
--	--	---------------	--	----------------	--	----------------

P/c №	Баланың ЖСН	Баланың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Тұған күні	тіркеу актілік жазбасын ың №	Баланың тууын тіркеу күні	Қайтыс болған күні	болуы туралы актілік жазбаның №	аты, әкесінің аты (бар болса)	Әкесінің тегі аты, әкесінің аты (бар болса)
1									
2									

Ескертпе: балалар туралы мәліметтерде өтініш берушінің отбасы құрамына кіретін және жәрдемақы тағайындалатын барлық балалар туралы мәліметтер берілсін.

Неке (ерлі-зайыптылық) қиу туралы мәліметтер:

P/c №	Некеге (ерлі-зайыптылық) тұрғандар туралы мәліметтер				Некеге (ерлі-зайыптылық) тұрғаннан кейінгі тегі			
	әке		ана		әке		ана	
	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Тұған күні	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Тұған күні	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Тұған күні	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Тұған күні
1								
2								

кестенің жалғасы

Неке (ерлі-зайыптылық) қиу туралы күнінде берген орган	Неке (ерлі-зайыптылық) қиу туралы актілік жазбаның №	Неке (ерлі-зайыптылық) қиу туралы күнінде берген орган	Неке (ерлі-зайыптылық) қиу туралы күнінде берген орган
--	--	--	--

Некені (ерлі-зайыптылық) бұзу туралы мәліметтер:

P/c №	Неке (ерлі-зайыптылық) бұзуышылар туралы мәліметтер				Некені (ерлі-зайыптылық) бұзғаннан кейінгі тегі			
	әке		ана		әке		ана	
	Тұған күні	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Тұған күні	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Тұған күні	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Тұған күні	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
1								
2								

кестенің жалғасы

Неке (ерлі-зайыптылық) бұзу туралы күнінде берген орган	Неке (ерлі-зайыптылық) бұзу туралы актілік жазбаның №	Неке (ерлі-зайыптылық) бұзу туралы күнінде берген орган	Неке (ерлі-зайыптылық) бұзу туралы күнінде берген орган
---	---	---	---

Отініш берушіге/асырауындағы адамға қамқоршылық/қорғаншылық туралы мәліметтер:

P/c №	Камқоршылық / қорғаншылық туралы шешімнің номірі және күні	Камқоршылық/корғаншылық туралы шешімді берген орган	Камқоршының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) тұған күні	Камқорлығындағы / асырауындағы адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Камқорлығындағы / асырауындағы адамның тұған күні

1					
2					

Ақпараттық жүйелерден алынған асырап алу туралы мәліметтер:

P/c №	Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Өтініш берушінің туған күні	Асырап алынған баланың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Асырап алған баланың туған күні	Құжатты берген органның атауы	Шешімнің №	Шешім шығарылған күн	Шешімнің заңды күшіне енген күні
1								
2								

Банк деректемелері:

Банктің атауы _____

Банк шотының № _____

Шоттың үлгісі: ағымдағы _____

Екінші деңгейдегі банк деректемелері:

Банктік сәйкестендіру коды _____

Жеке сәйкестендіру коды _____

Бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

Өтініш берушінің байланыс деректері:

Телефон _____ үялы _____

E-mail _____

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Құжаттардың дәйектілігін растаймын.

Төленетін жәрдемақы мөлшерінің өзгеруіне/тоқтатылуына экелетін барлық өзгерістер, сондай-ақ тұрғылықты жерімнің (оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), анкеталық деректердің, банктік деректемелердің өзгеруі туралы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне он жұмыс күні ішінде хабарлауға міндеттенемін.

Мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды және (немесе) әлеуметтік төлемдерді аударуға арналған жеке банк шотын ашу мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай шоттағы ақшаны үшінші тұлғалардың өндіріп алуға жүргінуіне жол берілмейтіні туралы хабардар етілдім.

Өтініш берушінің ЭЦК-сы _____

Өтінішке қол қойылған күн және уақыт:

_____ жылғы "_____" ._____, ____ сағат ____ минут ____ секунд.

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ЭЦК – электрондық цифрлық қолтаңба.

Бала тұғанда берілетін
 мемлекеттік жәрдемақыны, бала
 күтіміне байланысты
 жәрдемақыны, көпбалалы
 отбасыларға берілетін
 жәрдемақыны, наградталған
 анаға берілетін жәрдемақыны
 тағайындау және төлеуді жүзеге
 асыру қағидаларына
 3-қосымша

**"Бала тұғанда берілетін және бала күтіміне байланысты жәрдемақыларды тағайындау"
мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі**

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 17.06.2024 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	<p>1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);</p> <p>2) www.egov. kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал);</p> <p>3) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы (қызметті алушының ұялы байланыс абоненттік құрылғысының телефон нөмірі "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелиген жағдайда);</p> <p>4) екінші деңгейдегі банктердің ақпараттандыру объектілері.</p>
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:</p> <p>1) Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде – құжаттар топтамасын Мемлекеттік корпорацияда тіркеген сәттен бастап – 7 (жеті) жұмыс күні; порталға, екінші деңгейдегі банктердің ақпараттандыру объектілеріне жүгінген кезде немесе проактивті қызмет кезінде – 4 (төрт) жұмыс күні.</p>

		<p>2) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут;</p> <p>3) Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 минут.</p>
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/ қағаз түрінде/ проактивті/ "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Қызметті алушының "жеке кабинетіне" жәрдемақы тағайындау туралы хабарлама немесе ұялы телефонына sms-хабарлама және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызмет алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
		<p>1) Көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен бастағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>Өтінішті қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру графигі – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.</p> <p>Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусызы және жеделдетіп қызмет көрсетуіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияда – өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің дайын нәтижелерін беру Мемлекеттік корпорация арқылы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін е сәйкес демалыс және мерекелік күндерден бастағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда</p>

	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі</p> <p>уздырылады.</p> <p>Қабылдау жеделдетіп қызмет көрсетуіз, көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жері бойынша "электрондық кезек" тәртібімен жүзеге асырылады, портал арқылы электрондық кезекті броньдауға болады.</p> <p>3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін е сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары мынадай интернет-ресурстарда орналастырылған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Министрлік – www.enbek.gov.kz "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі; 2) Мемлекеттік корпорация – www.gov4c.kz.
	<p>Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті алушы (немесе нотариус немесе нотариаттық іс-эрекеттер жасайтын лауазымды адам куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) Қагидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бала туганда берілетін жәрдемақыны және (немесе) бала бір жарым жасқа толғанда оның күтімі жөніндегі жәрдемақыны тағайындау үшін өтінішті және мынадай құжаттарды ұсынады:</p>

1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат (жеке куәлік, шетелдіктің тұруға ықтиярхаты) немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін).

Қандас мәртебесі бар адамдар бала туганда берілетін және бала күтімі бойынша жәрдемакыларды тағайындауға жүгінген кезде қандас куәлігі немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін) ұсынады;

2) баланың (балалардың) туу туралы куәлігі (куәліктері) (азаматтық хал актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

өтініш берушінің деректері баланың туу туралы куәлігіндегі деректермен сәйкес келмеген кезде – неке кио (ерлі-зайыптылық), некені бұзу туралы куәлік немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

балаға қамқоршылық (корғаншылық) белгіленген немесе баланы асырап алған кезде – балаға қамқоршылық (корғаншылық) белгіленгенін растайтын құжат немесе туу туралы актілік жазбадан бала асырап алу туралы мәліметтер; үшінші тұлғалар өтінішті және қажетті құжаттарды тапсырған кезде – нотариус немесе нотариаттық іс-эрекеттер жасайтын лауазымды адам куәландырған сенімхат.

Байқоңыр қаласының тұрғындары үшін – Байқоңыр қаласы тұрғын үй шаруашылығының азаматтарды есепке алу және тіркеу жөніндегі бөлімнің анықтamasы.

Бала туганда берілетін және бала күтіміне байланысты

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

жәрдемақыларды тағайындау үшін баланың (балалардың) туу туралы куәлігі не туу туралы азаматтық хал актілері жазбасынан мәліметтерді камтитын анықтама, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тіркелген неке қио (ерлі-зайыптылық) туралы мәліметтерді қоспағанда, неке қио (ерлі-зайыптылық), некені бұзу туралы куәлік, сондай-ақ балаға корғаншылық (камкоршылық) белгіленгенін растайтын құжат немесе туу туралы актілік жазбадан бала асырап алу туралы мәліметтер, банк шотының нөмірі туралы мәліметтер Қагидаларға 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың және (немесе) үйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салуға сәйкес көрсетілген құжаттарда қамтылған ақпарат расталған кезде талап етілмейді.

Порталға:

жәрдемақы тағайындау үшін – Қагидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы электрондық үкімет порталы арқылы бала туганда берілетін біржолғы жәрдемақы және (немесе) бала күтімі бойынша жәрдемақыны тағайындауга өтініш;

жәрдемақы тағайындау туралы ақпарат алу үшін – көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу.

Проактивті қызмет арқылы:

жәрдемақы тағайындау үшін – проактивті қызмет көрсетуге көрсетілетін қызметті алушының келісімі, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысы арқылы банктік шот нөмірін растау немесе ұсыну туралы хабарлама жіберіледі.

Екінші деңгейдегі банктердің ақпараттандыру объектілері бойынша:

жәрдемакы тағайындау барысында осы Қағидаларға 4-көсімшашаға сәйкес нысанында көзделген мәліметтерді, екінші деңгейдегі банктердің акпараттандыру объектісі тиісті мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың АЖ-дан "электрондық үкімет" шлюзіне сұрау арқылы алады.

Өтініш берушінің электрондық өтінішінде көрсетілген көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат, баланың (балалардың) туу туралы куәлігі (куәліктері) немесе туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме, неке қию (ерлі-зайыптылық), некені бұзу турагы куәлік, балаға камкоршылық (қорғаншылық) белгіленгенін растайтын құжат немесе туу туралы актілік жазбадан бала асырап алу туралы мәліметтер, тұргылықты жері бойынша тіркелуі туралы мәліметтер, банк есеп шотының нөмірі туралы мәліметтерді "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік акпараттық жүйелерден алады.

Бұл ретте банктік шоттның нөмірін ұсыну оларды екінші деңгейдегі банктен алу мүмкіндігі болған кезде талап етілмейді.

Көрсетілетін қызметті берушілер бір реттік құпиясөз беру жолымен немесе порталдың хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісу кезінде, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжаттарды алады.

1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызмет алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;

9	<p>Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p>	<p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректер мен мәліметтердің осы бүйрықта белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.</p>
10	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар</p>	<p>1. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары мынадай интернет-ресурстарда орналастырылған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Министрлік – www.enbek.gov.kz, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі; 2) Мемлекеттік корпорация – www.gov4c.kz. <p>2. Заңнамада белгіленген тәртіппен өзіне-өзі қызмет көрсету, өз бетінше жүріп-тұру, бағдарлану, қабіletін толық немесе ішінара жоғалту мүмкіндігі бар көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорация қызметкери 1414, 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы өтініш жасау арқылы тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.</p> <p>3. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған кезде жәрдемақы тағайындау туралы ақпаратты портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Проактивті қызмет арқылы бала туғанда берілетін және бала күтімі жөніндегі жәрдемақыларды тағайындау қызмет көрсету субъектісінің бастамасы бойынша</p>

ұсынылады, оны көрсетеү үшін ұялы байланыстың абоненттік күрылғысы арқылы ұсынылған қызметті алу субъектісінің міндетті келісімі кажет.

Бала (балалар) тууды тіркеген кезде көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша "Бала туганда берілетін және бала күтімі бойынша жәрдемақыларды тағайындау" мемлекеттік қызметі "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетіледі.

Цифрлық құжаттар сервисі мобилді қосымшада авторизацияланған қолданушыларға қолжетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтанбаны немесе бір реттік құпиясөзді пайдалану арқылы мобильді қосымшада авторизациядан өту, содан кейін "Цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау кажет.

Бала туганда берілетін мемлекеттік жәрдемақыны, бала күтіміне байланысты жәрдемақыны, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақыны, наградталған анаға берілетін жәрдемақыны тағайындау және төлеуді жүзеге асыру қағидаларына
4-қосымша

Мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салу

Бала туганда берілетін жәрдемақыны және (немесе) бала күтімі жөніндегі жәрдемақыны немесе көпбалалы отбасыға жәрдемақы немесе наградталған аналарға берілетін жәрдемақыны тағайындау үшін өтініш берушінің, отбасы мүшелерінің ЖСН бойынша "электрондық үкімет" шлюзі арқылы мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелерінде мынадай:

- 1) ЖТ МДҚ-дан жеке басты куәландыратын;
- 2) ЖТ МДҚ-дан өтініш беруші және 14 жасқа толған балалардың тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелуі туралы;
- 3) ЖТ МДҚ-дан өтініш беруші мен өгей (және қамқорлыққа алынған) балаларының тұрақты және бірге тұратын тұрғылықты жері бойынша тіркелуі туралы;

- 4) АХАЖ АЖ-дан өтініш берушінің барлық балалары Қазақстан Республикасында тұған кезде балаларының ЖСН бойынша тууын (қайтыс болуын) тіркеу туралы;
- 5) АХАЖ АЖ-дан өтініш берушінің неке (ерлі-зайыптылық) қиоын, бұзыны тіркеу туралы;
- 6) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің АЖ-сынан балаға қамқоршылық (қорғаншылық) белгілеу туралы;
- 7) АХАЖ АЖ-дан баланың туу туралы актілік жазбадан бала асырап алу туралы мәліметтер;
- 8) уәкілетті мемлекеттік органның АЖ-сынан Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің коды туралы;
- 9) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің "Мемлекеттік наградалар" АЖ-дан наградтау немесе "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған ана атағын алу туралы;
- 10) Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту, Ғылым және жоғары білім министрліктерінің АЖ-сынан күндізгі оқу бөлімінде оқу фактісі туралы мәліметтер алу үшін сұрау салулар қалыптастырылады.

Мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың АЖ-сынан және ЕДБ АЖ-дан сұратылатын мәліметтерді растайтын электрондық құжаттар тиісті мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың, ЕДБ және "электрондық үкімет" шлюзінің ЭЦҚ-сымен, сондай-ақ сұрау салуды жүзеге асырған Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің немесе өтініш берушінің ЭЦҚ-сымен куәландырылады.

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АЖ – ақпараттық жүйе;

АХАЖ АЖ – "АХАЖ тіркеу пункті" ақпараттық жүйесі;

ЕДБ АЖ – екінші деңгейдегі банктердің ақпараттық жүйесі;

ЖТ МДҚ – "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер қоры;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба.

Бала туғанда берілетін
мемлекеттік жәрдемақыны, бала
күтіміне байланысты
жәрдемақыны, көпбалалы
отбасыларға берілетін
жәрдемақыны, наградталған
анаға берілетін жәрдемақыны
тағайындау және төлеуді жүзеге
асыру асыру қағидаларына

5-косымша

Нысан

Бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған баласы, оның ішінде он сегіз жасқа толғаннан кейін білім беру үйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар көпбалалы отбасыларға берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны тағайындауға арналған өтініш

Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің
_____ облысы (қаласы) бойынша департаменті

Бөлімше коды: _____

Жеке сәйкестендіру номірі: _____

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): _____

Тұған күні: _____ жылғы "____" _____

Жеке басты куәландыратын құжаттың түрі: _____

Құжаттың сериясы: _____ құжаттың номірі: _____

Кім берген: _____

Берілген күні: _____ жылғы "____"

Тұрғылықты жерінің мекенжайы: _____ облысы
_____ қаласы (ауданы) _____ ауылы
_____ көшесі (шағын аудан) _____ - үй

_____ - пәтер

Банк деректемелері:

Банктің атауы _____

Банк шотының № _____

Шоттың үлгісі: ағымдағы _____

Өтініш берушінің зайыбы (жұбайы) және балалары туралы мәліметтер

P/c №	Жеке сәйкестендіру номірі	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Тұған күні және жылы	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Тұрғылықты мекенжайы
1					
2					
3					
4					
5					

Маған бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған баласы, оның ішінде он сегіз жасқа толғаннан кейін білім беру үйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында

жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар көпбалалы отбасыларға берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны тағайындауды сұраймын.

Маган жәрдемақыны тағайындауға қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өндеуге келісім беремін.

Жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау жөнінде ұялы телефонға sms-хабарландыру жіберу арқылы хабардар етуге келісім беремін.

Жәрдемақы төлемін тоқтатуға, жәрдемақы мөлшерінің өзгеруіне, оның қысқаруына әкелетін барлық өзгерістер, сондай-ақ тұрғылықты жерімнің және өтініште көрсетілген балаларымның (оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), сонымен қатар анкеталық деректердің, банктік деректемелердің өзгеруі туралы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне он жұмыс күні ішінде хабарлауға міндеттенемін.

Жәрдемақы мөлшерінің өзгеруіне немесе оны қайта тағайындауға құқық туындаған кезде растайтын құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы хабардар етілдім.

Мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды және (немесе) әлеуметтік төлемдерді аударуға арналған жеке банк шотын немесе электрондық ақшаның электрондық әмиянын ашу мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай шоттағы ақшаны, оның ішінде электрондық ақшаның электрондық әмияндарындағы электрондық ақшаны үшінші тұлғалардың өндіріп алуға жүргінуіне жол берілмейтіні туралы хабардар етілдім.

Осымен Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығын растаймын.

Отінішке қоса берілген құжаттар тізбесі:

P/c №	Құжаттың атауы	Құжаттағы параллар саны	Ескертпе
1			
2			

Отініш берушінің байланыс деректері:

телефоны _____ ұялы _____ E-mail _____

Отініш берушінің қолы _____

Құжаттар қабылданған күн 20 ____ жылғы "____" ____

Құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),
лауазымы және қолы: _____

Бала тұғанда берілетін
мемлекеттік жәрдемақыны, бала
күтіміне байланысты
жәрдемақыны, көпбалалы
отбасыларға берілетін
жәрдемақыны, наградталған

анаға берілетін жәрдемақыны
тағайындау және төлеуді
жүзеге асыру
қағидаларына
6-қосымша
Нысан

"Электрондық үкімет" веб-порталы және (немесе) екінші деңгейдегі банктердің ақпараттандыру объектілері арқылы бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған баласы, оның ішінде он сегіз жасқа толғаннан кейін білім беру үйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар көпбалалы отбасыларға берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны тағайындауға арналған өтініш

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 17.06.2024 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің
облысы (қаласы) бойынша департаменті

Бөлімше коды: _____

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):

Тұған күні: _____ жылғы "____" _____

ЖСН: _____

Маған бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған баласы, оның ішінде он сегіз жасқа толғаннан кейін білім беру үйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар көпбалалы отбасыларға берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны республикалық бюджет қаражаты есебінен тағайындауды сұраймын.

Өтініш берушінің балалары туралы мәліметтер

P/c №	ЖСН	О т б а с ы мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Тұған күні және жылы
1				

2							
3							
4							
5							

Мемлекеттік органдардың растауы:

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Жеке тұлғалардың мемлекеттік дереккоры" ақпараттық жүйесінен алынған деректер

Өтініш беруші туралы мәліметтер:

Жеке басты қуәландыратын құжаттың түрі: _____

Құжаттың сериясы: ____ құжаттың нөмірі: _____ кім берген: _____

Берілген күні: _____ жылғы "____" _____

Тұрақты тұрғылықты жерінің мекенжайы:

_____ облысы _____ қаласы (ауданы) _____ ауылы _____ көшесі (шағынаудан) _____ үй _____ пәтер

Отбасы мүшелерінің деректері

P/c №	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Облыс	Қала (аудан)	Ауыл	Көше шағын аудан)	(Үй	Пәтер
1							
2							
3							

Ақпараттық жүйелерден алынған деректер

Отбасының құрамына кіретін балалар туралы мәліметтер:

P/c №	Баланың ЖСН	Баланың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Тұған күні	Баланың тууын тіркеу актілік жазбасын ың №	Баланың тууын тіркеу күні	Қайтыс болған күні	Баланың қайтыс болуы туралы актілік жазбаның №	Анасының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Әкесінің тегі аты, әкесінің аты (бар болса)
1									
2									

Ескертпе: балалар туралы мәліметтерде өтініш берушінің отбасы құрамына кіретін барлық балаға деректер берілсін.

Неке (ерлі-зайыптылық) қио туралы мәліметтер:

P/c №	Некеге (ерлі-зайыптылық) тұрғандар туралы мәліметтер				Некеге (ерлі-зайыптылық) тұрғаннан кейінгі тегі			
	әке		ана		әке		ана	
	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Тұған күні	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Тұған күні	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Тұған күні	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Тұған күні

кестенің жалғасы

Неке (ерлі-зайыптылық) киу туралы күелікті берген орган	Неке (ерлі-зайыптылық) киу туралы актілік жазбаның №	Неке (ерлі-зайыптылық) киу туралы күеліктің (құжаттың) №	Неке (ерлі-зайыптылық) киу туралы күелікті берген күн
---	--	--	---

Некені (ерлі-зайыптылық) бұзу туралы мәліметтер:

Р/с №	Неке (ерлі-зайыптылық) бұзушылар туралы мәліметтер				Некені (ерлі-зайыптылық) бұзганның кейінгі тегі							
	әке	ана	әке	ана	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Туган күні	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Туган күні	Тегі, аты, әкесі нің аты (бар болса)	Туган күні	Тегі, аты, әкесі нің аты (бар болса)
	Туган күні	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Туган күні	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)			Туган күні					

кестенің жалғасы

Неке (ерлі-зайыптылық) бұзу туралы күелікті берген орган	Неке (ерлі-зайыптылық) бұзу туралы актілік жазбаның №	Неке (ерлі-зайыптылық) бұзу туралы күеліктің (құжаттың) №	Неке (ерлі-зайыптылық) бұзу туралы күелікті берген күн
--	---	---	--

Өтініш берушіге/асырауындағы адамға қамқоршылық/қорғаншылық туралы мәліметтер:

Р/с №	Қамқоршылық / корғаншылық туралы шешімнің нөмірі және күні	Қамқоршылық/корғаншылық туралы шешімді берген орган	Қамқоршының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) туган күні	Қамқорлығындағы / асырауындағы адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Қамқорлығындағы / асырауындағы адамның туган күні

Ақпараттық жүйелердегі түу туралы актілік жазбадан асырап алу туралы мәліметтер:

Р/с №	Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Өтініш берушінің туган күні	Асырап алынған баланың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Асырап алған баланың туган күні	Құжатты берген органның атауы	Шешімнің №	Шешім шығарылған күн	Шешімнің заңды күшіне енген күні
1								

Банк деректемелері:

Банктің атауы _____

Банктік шоттың № _____

Шоттың үлгісі: ағымдағы _____

ЕДБ деректемелері:

Банктің сәйкестендіру коды _____

Жеке сәйкестендіру коды _____

Бизнес сәйкестендіру коды _____

Өтініш берушінің байланыс деректері:

Телефон _____ ұялы _____

E-mail _____

Осымен деректердің дәйектілігін растаймын.

Төленетін жәрдемақы мөлшерінің өзгеруіне/тоқтатылуына әкелетін барлық өзгерістер, сондай-ақ тұрғылықты жерімнің (оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге кету), анкеталық деректердің, банктік деректемелердің өзгеруі туралы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне он жұмыс күні ішінде хабарлауға міндеттенемін.

Мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды және (немесе) әлеуметтік төлемдерді аударуға арналған жеке банк шотын ашу мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай шоттағы ақшаны үшінші тұлғалардың өндіріп алуға жүргінуіне жол берілмейтіні туралы хабардар етілдім.

Өтініш берушінің ЭЦҚ-сы _____

Өтінішке қол қойылған күн және уақыт:

____ жылғы " ____ ". _____, ____ сағат ____ минут ____ секунд.

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер;

ЖСН – жеке сәйкестендіру номері;

ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба.

Бала туғанда берілетін
мемлекеттік жәрдемақыны,
бала күтіміне байланысты
жәрдемақыны, көпбалалы
отбасыларға берілетін
жәрдемақыны, наградталған
анаға берілетін жәрдемақыны
тағайындау және төлеуді
жузеге асыру қағидаларына
7-қосымша

"Көпбалалы отбасыға жәрдемақы тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 17.06.2024 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
		1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	<p>2) ұялы байланыстың абоненттік күрылғысы (қызметті алушының ұялы байланыс абоненттік күрылғысының телефон нөмірі "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген жағдайда);</p> <p>3) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы;</p> <p>4) екінші деңгейдегі банктердің акпараттандыру объектілері.</p>
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:</p> <p>1) Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде – құжаттар топтамасы тіркелген сәттен бастап – 7 (жеті) жұмыс күні;</p> <p>портаға, екінші деңгейдегі банктердің акпараттандыру объектілеріне жүгінген кезде немесе проактивті қызмет кезінде – 4 (төрт) жұмыс күні;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут;</p> <p>3) Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 минут.</p>
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) / қағаз түрінде/ проактивті
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Қызметті алушының "жеке кабинетіне" жәрдемақы тағайындау туралы хабарлама немесе ұялы телефонына sms-хабарлама және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
		1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен баста, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға

Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және аппарат объектілерінің жұмыс кестесі

дайындау 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтінішті қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру кестесі – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетуіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі;

2) Мемлекеттік корпорацияда – өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің дайын нәтижелерін беру Мемлекеттік корпорация арқылы Қазақстан Республикасының Енбек кодексін е сәйкес демалыс және мерекелік күндерден басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халықта қызмет көрсететін кезекші бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жузеге асырылады.

